Әділет

**Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру кезіндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 карашадағы N 850 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2613. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 113 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 113 бұйрығымен.*

*----------------Бұйрықтан үзінді-----------------*

*Нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы "Жеке кәсіпкерлік туралы" заңына сәйкестендіру мақсатында Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 карашадағы N 850 "Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру кезіндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері тіркеуінің тізімінде N 2613 тіркелген) бұйрығының күші жойылған деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*М и н и с т р*

*--------------------------------*

Шаруашылық жүргізу объектілерінде және тұрғын үй қорында туындауы ықтимал өрттің алдын алу, шаруашылық жүргізудің жаңа нысанының туындауын есепке ала отырып, олардың келтіретін материалдық шығынын азайту мақсатында және "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау барысында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру кезіндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
жөніндегі агенттігінің
2003 жылғы 10 қарашадағы
N 850 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығы**

**1. Тарау**
**Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі жұмысын ұйымдастыру және өрттер бойынша тергеулер жүргізу Нұсқаулығы "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін ұйымдастыру туралы" N 430 қаулысына сәйкес әзірленді және басқару органдары лауазымды адамдарының және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері барлық деңгейдегі атқарушы өкімет органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен шаруа (фермер) қожалықтарының, құқықтық меншік нысанына қарамастан басқа да заңды тұлғалардың, шетелдік фирмаларды және шетел инвестициялары бар компанияларды қоса алғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының, азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың өрт қадағалау нормалары мен ережелерін сақтау жөніндегі мемлекеттік өрт қадағалау талаптарын орындауын нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта пайдаланылатын жалпы ұғымдар:

мемлекеттік өрт қадағалаудың ұйғарымы - мемлекеттік инспектордың өрт қауіпсіздігі талаптарын, соның ішінде салынып жатқан кәсіпорындардың, объектілердің, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, өндірістен алуды, өндіруді тоқтатуды және өнімдерді сатуды тоқтата тұруды қоса алғандағы талаптарын бұзушылықты жою жөніндегі, тиісті басшының, лауазымды тұлғаның немесе азаматтың белгіленген мерзімде орындауы міндетті шаралар көрсетілген жазбаша өкімі;

объект - ғимараттарды, құрылыстарды, технологиялық қондырғыларды,

жабдықтарды, агрегаттарды, бұйымдарды және ол үшін өрт қауіпсіздігі талаптары белгіленген өзге мүлікті қоса алғандағы заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның мүліктік кешені (немесе оның бөлігі).

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өрт қадағалау органдары: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Департаменті; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің басқармалары, бөлімдері, мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдері, бөлімшелері және инспекциялары, қалалардың, кенттердің, аудандық орталықтардың әскерилендірілген өртке қарсы қызмет отрядтары мен бөлімдері болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің бастығы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі Бас Мемлекеттік инспекторы, ал оның орынбасары Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі Бас Мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің құрылымдық басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, олардың орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалалары мемлекеттік өртке қарсы қызметтері бас басқармаларының, басқармаларының бастықтары лауазымы бойынша бір мезгілде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары, ал олардың орынбасарлары - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары болып табылады.

Аумақтық органдардың мемлекеттік өрт қадағалау басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, өрт сөндіру жасақтары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті аумақтық құрылымдардың (облыстардың, қалалардың және басқа елді мекендердің) өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Өрт қауіпсіздігі жағдайына қадағалауды қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік өрт қадағалау органдарының бас мамандары, бас инженерлері, аға инспекторлары, инженерлері мен инспекторлары лауазымы бойынша өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.

5. Лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары немесе мемлекеттік инспекторлары болып табылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметі жеке құрамының лауазымдары тізбесін және оларға берілетін тиісті құқықтарды және міндеттерді Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі Бас Мемлекеттік инспекторы айқындайды.

Лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті аумақтық құрылымдардың өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары немесе мемлекеттік инспекторлары болып табылатын ТЖА облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметтері бас басқармаларының, басқармаларының жеке құрамы лауазымдарының тізбесін және оларға берілетін құқықтарды және міндеттерді Қазақстан Республикасы аумақтық органының өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы айқындайды.

6. Мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, осы Нұсқаулықты, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарын, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген басқа да нормативтік құқықтық актілерді және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдері мен өкімдерін басшылыққа алады.

7. Мемлекеттік өрт қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында жоғары тұрған өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқаулары мен өкімдері төмен тұрған өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың орындауы үшін міндетті. Олардың қызметіне өзге лауазымды адамдардың араласуына жол берілмейді.

8. Жоғары тұрған өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар қажет болған жағдайда төменгі өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

"Өрт сөндіруші" республикалық мемлекеттік кәсіпорны өртке қарсы қызметтерінің бөлімшелеріне және "Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың республикалық арнайы ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік өрт қадағалау құқықтары берілмеген.

9. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары өздеріне жүктелген міндеттерді басқа мемлекеттік органдармен өзара тығыз байланыста іске асырады.

10. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және қорғаныс органдарының, әуе, теміржол, теңіз, өзен көлігі, орман шаруашылығының объектілеріндегі мемлекеттік өрт қадағалау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы мен Қазақстан

Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволарының арасында жасалған келісіммен реттеледі.

Жерасты шахта құрылыстарында, кеніштерде, кен орындарында, ашық көмір кен орындарында, метрода, сондай-ақ орман аумақтары мен тоғай алқаптарында өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз етуге бақылауды Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволары жүзеге асырады.

11. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор:

заңнамамен, нормативтік актілермен және нормативтік құжаттармен белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын орындауды бақылауға, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын жою жөнінде орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге;

өрт қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ мемлекеттік өрт қадағалаудың ұйғарымдарын кәсіпорындардың, лауазымды адамдардың дер мезгілінде орындауын қамтамасыз ету үшін берілген өкілеттіктерін белгіленген тәртіппен қолдануға;

өрт қауіпсіздігі жөнінде лауазымды адамдар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен кеңестер беруге;

өрт қауіпсіздігі саласында халық арасында өртке қарсы насихат пен үгіт жүргізуге;

елді мекендерде және объектілерде өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғандығы туралы мемлекеттік өкімет органдарын, бұқаралық ақпарат құралдарына белгіленген тәртіппен хабарлауға;

қоғамдық өрт бірлестіктерінің дамуына жәрдемдесуге;

өрттерді есепке алу мен талдаудың және жүргізіліп отырған өрттің алдын алу жұмыстарының негізінде елді мекендер мен меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші объектілердің өртке қарсы қорғанысын күшейту жөніндегі негізделген ұсыныстамаларды әзірлеуге;

өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметтерді (жұмыстар, қызметтер) лицензиялау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

шаруашылық жүргізуші объектілерде өртке қарсы қызмет ұйымдастыру туралы мәселелерді шешуге ұсыныс енгізуге және қатысуға;

өртке қарсы тақырыпқа өрт-техникалық әдебиеттер, плакаттар, жадынамалар шығаруға, кино теле-фильмдер, жарнамалық өнімдер және тағы басқалар жасауға жәрдемдесуге;

Қазақстан Республикасының басқа қадағалау органдарының тиісті лауазымды тұлғаларымен бірлескен іс-қимыл жасауға;

аумақтық және ведомстволық бекітуден шығаруды есепке ала отырып,

лауазымдық нұсқаулықтарға, қызметтік міндеттерге сәйкес, сондай-ақ өрт қадағалау жөніндегі жоғары тұрған мемлекеттік инспекторлардың олар үшін белгіленген құзырет шеңберіндегі өкімдерін орындауға тиіс.

12. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор:

меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарға, ғимараттарға, құрылыстарға және басқа объектілерге өрт-техникалық тексеру жүргізеді, тексеру барысында өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын, өрт сөндіру құралдарының, өрт дабылдағыштары мен байланысының дайындығын тексереді. Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына, және азаматтарға тексеру барысында анықталған өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын жою туралы ұйғарымдар береді;

мемлекеттік статистика органдарынан, атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттар мен мәліметтерді, оның ішінде, өрт қауіпсіздігі саласында қызметтерді (жұмыстар, қызметтер) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, өнімдер мен қызметтерге өрт қауіпсіздігі сертификаттары туралы, сондай-ақ болған өрттер және олардың зардаптары туралы деректерді белгіленген тәртіппен сұрайды және алады;

өрттердің алдын алу және оларды жою мақсатында ақпараттық деректер жиынтығын (оның ішінде құпия) пайдалануға құқығы бар;

занда ол үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылық туралы істерді қарайды;

өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша қорытындылар және кеңестер береді;

өрт себептерін анықтау үшін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың есебінен жүргізілетін міндетті сараптамалар, өрт қауіптілігі дәрежесін анықтау үшін жабдықтарға, бұйымдарға, заттарға және материалдарға бақылау сынақтар белгілейді.

13. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жүктелген міндеттерді орындамағаны және берілген құқықтарды дұрыс пайдаланбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

14. Азаматтық қорғаныстың шараларын өртке қарсы қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік өрт қадағалау органдарының жұмысы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 13 шілдедегі N 165-ДСП бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1233 нөмірімен тіркелген) Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

## 2. Тарау. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарында қызметті ұйымдастыру және жұмыстарды жоспарлау

15. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың қызметін ұйымдастыру басқару органдары мен Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде тиісті деңгейде жүзеге асырылады.

16. Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік инспекторларының қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінде жүзеге асырылады.

17. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөнінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді;

республикадағы өрт қауіпсіздігі жағдайын талдау мен болжауды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өртке қарсы қызметтері бөлімшелерінің өртпен күреске дайындығының жай-күйіне мемлекеттік бақылауды, өрттің алдын алу жұмыстарына бақылауды жүзеге асырады;

кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асырады;

барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың орындауы міндетті өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтерді, стандарттарды және ережелерді уәкілетті орталық атқарушы органның бекітуі үшін әзірлейді және келіседі, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік есеп жүргізеді;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі жүзеге асырады;

өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялауды және сертификаттауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері таратылмайтын құрылыс объектілерінің жобалық шешімімен келіседі;

өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың қолданылуына талдау жасайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заң және өзге де құқықтық актілерді дайындауға қатысады;

халықаралық шарттар мен келісімдер жобаларын дайындауға қатысады;

өрт қауіпсіздігі мәселелері жөнінде мемлекеттік органдарға және ұйымдарға

ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді;

заңнамада көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

18. Өрт қадағалау жөніндегі аумақтық мемлекеттік инспекторлар қызметін ұйымдастыру облыстардың, Астана және Алматы қалалары мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің бас басқармалары мен басқармаларының басқару органдарында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық басқару органдары тиісті аумақта:

қызмет көрсететін аумақтарда Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысына басшылық етеді және бақылау жасайды;

өз бетімен өрттерді есепке алады және өрттер мен жүргізіліп отырған өрттің алдын-алу жұмыстарына талдау жасайды;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің тапсыруымен өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттар әзірлейді;

аумақтық және жергілікті өкімет органдарына мемлекеттік, жеке кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының, сондай-ақ азаматтардың өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғандығы туралы, ал лицензиялау органдарына - лицензиаттардың лицензиялау шарттарының өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау бөлігін орындамағаны туралы хабарлайды;

өрт-техникалық зерттеуді жүргізудің, елді мекендерді, кәсіпорындарды және объектілерді тексерудің тәртібі мен мерзімін қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес белгілейді;

қоғамдық өрт бірлестіктерінің дамуына жәрдемдеседі;

өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аумақтық өрт қадағалау органдарымен бірлесе қимылдайды;

лицензиялау мен сертификаттауға жататын тауарлар (қызмет көрсетулер, жұмыстар), сондай-ақ жылыту аспаптарын, пиротехникалық, тұрмыстық химиялық бұйымдар тағы басқалар өндіру, шығару, сату кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылау ұйымдастырады;

өрт туралы істер және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар туралы істер бойынша тергеу жұмыстарын ұйымдастырады;

өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әкімшілік іс-тәжірибесін үйлестіреді және бақылайды;

объектілер құрылысы үшін жер бөлу комиссияның жұмысына қатысады;

құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады;

өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың халық арасында

жүргізілетін өртке қарсы бұқаралық-насихат жұмыстарына қатысуын ұйымдастырады.

19. Өрт қадағалау жөніндегі жергілікті мемлекеттік инспекторлардың қызметін ұйымдастыру Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері (жасақтары, бөлімдері):

өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдық және нормативтік құқықтық актілердің орындалуын ұйымдастырады;

мемлекеттік инспекторлар қызметін бір айдың кемінде 15 жұмыс күнінде объектілерде тікелей алдын алу шараларын жүргізетіндей етіп ұйымдастырады;

өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың қызметтік міндеттерін белгілейді және оларға объектілерді аумақтық немесе ведомстволық белгілері бойынша бекітіп беруді ұйымдастырады;

қызмет көрсететін аумақтарда орналасқан елді мекендерді, кәсіпорындарды және объектілерді белгіленген тәртіппен зерттеу және тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

қызмет көрсететін аумақтардағы өрттер мен олардың зардаптарының есебін жүргізеді;

құрылысқа жер таңдау (трассалар) жөніндегі комиссия жұмысына, сондай-ақ құрылысы аяқталған (қайта жаңғыртылған) объектілерді қабылдап алу комиссиясының жұмысына мемлекеттік инспекторлардың қатысуын ұйымдастырады;

өрт қауіпсіздігі саласында бірлескен зерттеулер, тексерулер және басқа да шаралар жүргізу кезінде құқық қорғау және қадағалау органдарының бірлескен іс-қимылын жүзеге асырады;

өрт туралы істер және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар туралы тергеуді қамтамасыз етеді;

өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әкімшілік жұмысын ұйымдастырады;

қоғамдық өрт бірлестіктерін ұйымдастыруға жәрдемдеседі.

20. Мемлекеттік инспекторлардың жұмыс жоспарлары объектілер мен елді мекендердегі өрттер жағдайы мен өрт қауіпсіздігінің жай-күйін талдау негізінде жедел қызмет жұмысының ағымдағы және алдағы мәселелерін шешуді, Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жоғары тұрған органдарының бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқауларын орындауды, маусымдық және жергілікті жағдайларды ескере отырып жасалуы тиіс.

Мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі шаралар басқару органдарының, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жоспарларына жеке бөлім ретінде енгізіледі.

21. Басқару органдарында, Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелерінде мынадай жұмыс жоспарлары әзірленеді:

- аумақтық органдарда - өрттің алдын алу негізгі шараларының жарты жылдық жоспары, ал олардың құрылымдық бөлімшелерінде - (басқарма, бөлім) тоқсандық жұмыс жоспары;

- мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі басқа органдарда тоқсандық жоспар.

22. Мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі жергілікті органның әрбір қызметкері - жеке жұмысын жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылатын айлық жоспар-кестесін жасауы тиіс (N 1 қосымша). Бұл жоспар-кестеде ұйымдастыру - алдын-алу шаралары, зерттелетін барлық объектілердің атаулары жеке-жеке көрсетіледі, сондай-ақ жоспардан тыс жұмыстар мен тапсырмаларды орындау үшін қажетті уақыт резерві қаралады.

23. Мемлекеттік өрт қадағалау органының бастығы жоспарлардың орындалуын жүйелі қадағалап, оларға тиісті белгілер қойып отыруы тиіс. Жекелеген шаралар орындалмаған жағдайда, тоқсанның (жарты жылдың) соңында олардың орындалмау себептері, сонымен бірге жоспарда қаралмаған жұмыстардың жүргізілгені туралы анықтама жасалады.

Объектілерді зерттеу жергілікті жағдайларды, объектілердің маңыздылығын, өрт-жарылыс және өрт қауіптілігін ескере отырып, жыл бойына біркелкі жоспарлануы керек.

24. Жергілікті Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының жұмыс жоспарларын мемлекеттік өрт қадағалау органының жоғары тұрған бастығы, Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелерінің жұмыс жоспарларын қызмет бастығы, мемлекеттік инспекторлардың жеке жоспар-кестелерін жергілікті мемлекеттік өрт қадағалау органының бастығы бекітеді.

25. Өрттің алдын алу негізгі шараларының жарты жылдық күнтізбелік жоспарында объектілер мен елді мекендерді кешенді зерттеу, басқа мүдделі қадағалау органдарымен бірлесе отырып объектілерге жедел маусымдық тексеру жүргізу, құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, өрт-техникалық конференцияларын ұйымдастыру, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және тағы басқалар қарастырылуы керек. Көрсетілген жоспар мемлекеттік өрт қадағалаудың жергілікті органдарына жіберіледі.

## 3. Тарау. Өрт-техникалық зерттеулер және тексерулер

26. Өрт-техникалық тексерулер және тексерулер өрттерді болдырмауға, оларды ойдағыдай сөндіруге және өрт бола қалған жағдайда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, белгіленген тәртіппен бекітілген нормалардың, ережелер мен стандарттардың сақталуын бақылау мақсатында жүргізіледі.

27. Өрт техникалық тексерулер егжей-тегжейлі және бақылаулық, ал тексерулер кешенді және мақсатты (жедел) болып бөлінеді.

Өрт техникалық егжей-тегжейлі тексеру кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық шаралар кешені тексеріледі.

Бақылаулық өрт техникалық тексерудің негізгі мақсаты егжей-тегжейлі тексеру кезінде мемлекеттік өрт қадағалаудың ұйғарымымен ұсынылған шараларды орындау дәрежесін тексеру болып табылады.

Кешенді тексеру - атқарушы өкімет органдарының тиісті аумақтар мен ведомстволық бағынысты кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарының ұйымдастырылуын тексеруі.

Мақсатты (жедел) тексеру - ғимараттардың, үй-жайлардың, инженерлік жүйелердің өрт қауіпсіздігі деңгейін өрт жағдайын, маусымдылығын, объектінің жұмыс кестесін және тағы басқаларды ескере отырып, іріктеп бақылау.

28. Елді мекендер, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар тексерілуге жатады.

29. Қорғаныстың, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының, өзен, теңіз, әуе көліктері, орман шаруашылықтары объектілерінде өрт техникалық тексерулер Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мен тиісті министрліктер (ведомстволары) арасындағы екі жақты келісіммен белгіленген тәртіпте ұйымдастырылады және өткізіледі.

30. Объектілерді өрт техникалық тексеру және тексеру жоғары тұрған мемлекеттік өрт қадағалау лауазымды тұлғасы берген арнаулы ұйғарымның (2-қосымша) негізінде және кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшыларының немесе олардың өкілдерінің қатысуымен өткізілуі тиіс.

Мемлекеттік өрт қадағалау қызметкеріне тексеру жүргізу алдында:

объектінің өрт қауіптілігін сипаттайтын құжаттар мен материалдарды, оның ішінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомстволық бұйрықтарды, нұсқауларды, өкімдерді оқып-зерттеу;

тексеру жүргізуге арнайы ұйғарымды прокуратура органдарында тіркеу;

өрт туралы деректермен, алдыңғы зерттеу материалдарымен танысу;

қажетті нормативтік құжаттарды (өрт қауіпсіздігі ережесі, нормалары, стандарттары және тағы басқалары) іріктеп алу және оқып зерделеу қажет.

31. Өрт қауіптілігінің маңыздылығы және дәрежесіне қарай объектілер I, II, III және IV топтағы объектілер болып бөлінеді. Қызмет көрсетілетін аудандағы объектілердің есебі алдын-алу жұмыстары журналында жүргізіледі (3-қосымша).

32. Бірінші топтағы объектілерге жалпы құрылыс алаңы 3500 шаршы метрден артық ірі өнеркәсіп кәсіпорындары және республикалық ғылыми-зерттеу мекемелері; электр стансалары; 8-9-санатты әуежайлар, театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени ойын-сауық мекемелері, 800 және одан артық

адамдық емдеу мекемелері мен қонақ үйлері; жалпы алаңы 2500 шаршы метрден астам сауда объектілері, жалпы алаңы 2500 шаршы метрден астам алаңды алатын мұражайлар, көрмелер, сурет галереялары, кітапханалар; жалпы сыйымдылығы 20000 текше метрден артық мұнай базалары және мұнай өнімдері қоймалары, сыйымдылығы 1000 текше метрден артық газ қоймалары мен газголдерлі стансалары жатады.

Бұл объектілерді аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшесі қызметкерінің басшылық етуімен мемлекеттік өрт қадағалау қызметкерлерінің тобы, қадағалау органдарының басқа мамандарының қатысуымен кемінде 5 жылда бір рет егжей-тегжейлі тексереді және топтық зерттеу жүргізу жылынан басқа жылдары жыл сайын бекітілген өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылаулық тексеру жүргізеді. Өрт-техникалық тексеру барысында объектінің өртке қарсы қорғануын қамтамасыз етуде жетіспеушіліктер анықталған жағдайда өрт-техникалық тексерудің егжей-тегжейлі нәтижелері бойынша дайындалған мемлекеттік өрт қадағалаудың ұйғарымына қосымша ұйғарым жасалады.

Тексеру тобының құрамына ұйымдардың осы объектіде өрт автоматикасы қондырғыларына қызмет көрсететін мамандары және объектінің қауіпсіздік қызметінің мамандары келісім бойынша кіре алады.

Облыс, қала бойынша бірінші топқа жататын объектілердің тізімі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бас басқармаларының немесе басқармалары бастығының бұйрығымен бекітіледі.

33. II топтағы объектілерге: өнеркәсіптік кәсіпорындар және ғылыми-зерттеу мекемелері (I топтағы объектілерден басқа); 6-7 санатты әуежайлар; I және II топтағы сауда, балық және өзен порттары; 50 бірлік және одан артық техникасы бар көлік кәсіпорындары, теміржол стансалары; локомотив, вагон, вагон жөндеу, рефрижераторлық, жөндеу-жабдықтау деполары; атқарушы және өкілді өкімет органдарының объектілері; Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және екінші деңгейдегі банктер; ауысымында 800 және одан артық оқушылар, студенттер, тыңдаушылар сиятын оқу орындары, театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени ойын-сауық мекемелері (1 топтағы объектілерден басқа); жалпы көлемі 1000-нан 2500 шаршы метрге дейін сауда объектілері; алаңының аумағына қарамастан діни мекемелер; жалпы алаңы 1000-нан 2500 шаршы метрге дейін сауда объектілері; жалпы алаңы 1000-нан 2500 шаршы метрге дейін мұражайлар, көрмелер, сурет галереялары, жалпы алаңы 1000-нан 2500 шаршы метрге дейін кітапханалар; 400-ден 800-ге дейін адам сиятын емдеу мекемелері мен қонақ үйлері; құрылысының аумағы 1500 шаршы метрден астам ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері және құс фабрикалары жатады.

Бұл объектілерді екі жылда бір рет мемлекеттік өрт қадағалау қызметкерлерінің тобы егжей-тегжейлі, ал келесі жылы бекітілген өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылаулық тексеруден өткізеді.

Топ құрамына бекітілген инспектордан басқа әдеттегіше мемлекеттік өрт қадағалау органының басшысы немесе осы органның салаға жетекшілік ететін қызметкері кіреді, сондай-ақ объектінің ерекшелігіне және онда қалыптасқан өрт жағдайына қарай басқа мамандар тартылуы мүмкін.

34. III топқа:

оқу мекемелері (2 топтағы объектілерден басқа); 1-5 санатты әуежайлар; базалар, қоймалар; ғылыми-зерттеу және жобалау институттары; 50 бірліктен төмен техника санымен автокәсіпорындар; құрылысының аумағы 1500 шаршы метрден астам ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері және құс фабрикалары; балалар және әкімшілік мекемелері; кәсіби-техникалық училищелер, техникумдар, жатақханалар, байланыс мекемелері; автомобильге май құю стансалары; коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары, түтін шығару жүйесі көзделген тұрғын үйлер; тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтандыру кәсіпорындары; ойынханалар, дәріханалар, пошталар, сөйлесетін байланыс бөлімшелері, телеграфтар, суретке түсіру салондары, банк бөлімдері; АХАЖ-дар, сурет шеберханалары; жалпы алаңы 150 шаршы метрден астам салтанат залдары; мұражайлар, көрмелер, сурет галереялары, емдеу мекемелері мен қонақ үйлері, сауда объектілері, кітапханалар (1, 2 топтарға кірмеген); жеке тұрған, жеке дара және қоршалған жалпы аумағы 20 шаршы метрден асатын сауда павильондары жатады.

Бұл топтағы объектілерді мемлекеттік өрт қадағалау органының бекітілген қызметкері жылына екі рет тексереді (егжей-тегжейлі және бақылаулық).

35. IV топтағы объектілерге:

ашық көлік тұрақтары және жекеменшік көлікжайлар; бір қабатты жерүсті және жерасты көлікжайлар кооперативтері; саяжайлық және бау-бақша қоғамдары;

тұрғын үйлер; жалпы алаңы 20 шаршы метрге дейін жеке, оңаша, жинақы сауда орындары, жөндеу шеберханалары, киоскілер, валюта қабылдау және айырбастау орындары, халық тұтынатын тауарлар сататын контейнерлер, оның ішінде базар аумақтарында орналасқан; алаңы 150 шаршы метрге дейін жеке тұрған және тұрғын үйлерге, ғимараттарға жалғастырылып (қосылып) салынған тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтандыру кәсіпорындары, ойынханалар, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, дәріханалар, банктер бөлімдері, АХАЖ-дар, сурет шеберханалары, салтанат өткізу залдары, сүт асханалары, кеңселер, дыбыс-бейне жазба жасау және оны жалға беру орындары, диспетчерлік пункттер және басқа да кішігірім объектілер жатады.

Бұл топ объектілерін мемлекеттік өрт қадағалау органының бекітілген қызметкері жылына бір рет (егжей-тегжейлі және бақылап) тексереді.

Лицензияланбайтын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен шағын кәсіпкерлік субъектілері 3 жылда бір рет тексеріледі.

36. Объектілерді өрт-техникалық тексеру кезінде объектінің аумағы, барлық ғимараттар, құрылыстар және қондырғылар оның ішінде, салынып және қайта жаңғыртылып жатқандары да тексерілуге жатады.

Электр стансаларын, кіші стансаларды, электр тарататын қондырғыларды, газ қондырғыларын және газ тарататын жүйелерді, жарылатын материалдар сақталатын қоймаларды және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бақылауды басқа мемлекеттік қадағалау органдары жүзеге асыратын объектілерді тексеру кезінде мемлекеттік өрт қадағалау қызметкерлері тексеруді нормалар мен ережелердің өртке қарсы талаптары шеңберінде ғана жүзеге асырады.

37. Егжей-тегжейлі өрт-техникалық тексеру кезінде:

өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, сондай-ақ ұйғарымдардың, қаулылардың және Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің лауазымды адамдарының өзге де заңды талаптарының орындалуы;

өрт қауіпсіздігін, оның ішінде салыну, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу және техникалық қайта жарақтандыру үстіндегі кәсіпорындарда, объектілерде де қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың әзірленуі және жүзеге асырылуы;

бастапқы өрт сөндіру құралдарын қоса алғандағы өртке қарсы қорғану жүйелері мен құралдарының жарамды жағдайда ұсталуы;

өртке қарсы насихаттың жүргізілуі және өрт қауіпсіздігі шараларына кәсіпорын қызметкерлерін оқытып-үйрету;

кәсіпорындар, объектілер әкімшіліктерінің өрттердің алдын-алу жұмысын, оның ішінде, олардың аумағында болған өрттерді тексеруді ұйымдастыруы;

өрттерді сөндіру, олардың туындауы мен дамуы себептерін және жағдайларын анықтау, сондай-ақ, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына және өрттердің туындауына кінәлілерді анықтау кезінде өртке қарсы қызметке жәрдем көрсету мен бірлесе қимылдаудың ұйымдастырылуы;

өрттерді сөндіру, оқулар мен сабақтар жүргізу үшін кәсіпорынның аумағына, ғимараттарына, құрылыстары мен басқа да объектілеріне өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жіберілуін қамтамасыз ету;

кәсіпорынның өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметке (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) лицензиясының болуы, оның қызметінің (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) өрт қауіпсіздігінің лицензиялық шарттары мен талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ кәсіпорынның өнімі мен қызмет көрсетулерінің өрт қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын өрт қауіпсіздігі сертификатының болуы;

оқу орындарында "Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы бойынша күнтізбелік жоспарға өрт ісінің негіздерін енгізу қадағаланады.

38. Шаруашылық жүргізуші субъектілерін тексерудің барлығын тіркеу Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 наурыздағы N 12 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2744 тіркелген) Құқықтық статистика жөніндегі комитеттің аумақтық органдарында және Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының арнайы есебімен, олардың аудандарда және қалаларда болмағанда тіркеуді осы аудандар мен қалалардың прокурорлары жүргізеді, сондай-ақ уәкілетті органның тиісті бөлімшелерімен ұсыным, тіркеу және шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексерудің барлық құжаттарын ақпараттық есепке алу туралы нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту: 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

39. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге қылмысты істер мен өрттерді тексеруге байланысты тексерулер белгілеу туралы актілер, мемлекеттік органдардағы, коммерциялық емес сипаттағы мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардағы тексерулердің актілері тіркеуге жатпайды.

Одан бөлек, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өздері кез-келген мәселелер бойынша жүргізген тексерулері, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы бұзып, тиісті ресімдеусіз (лицензиясыз, патентсіз немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін басқадай құжатсыз) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар жүргізген тексерулер тіркеуге жатпайды.

40. Тексерулер белгілеу туралы актілерді тексеру басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Ерекше жағдайларда, адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау қажеттілігі тудырған, сондай-ақ бұзушылықтар жасалған сәтінде анықталған және дәйектерді бекіту үшін шұғыл іс-қимыл жасау қажеттілігі туындаған жағдайларда тексерулер белгілеу туралы актілер тіркеу органдарына келесі жұмыс күнінің ішінде беріледі.

41. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексерулер белгілеу туралы актілерді кем дегенде тоқсанына бір рет тіркеу органдарында салыстырып отыруға міндетті.

42. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін өрт-техникалық тексеру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысымен

бекітілген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік органдардың тексеру ережесіне сәйкес жүргізіледі.

43. Елшіліктерді, консулдықтарды және басқа шетел өкілдіктерін, сондай-ақ эксаумақтықты пайдаланатын шетел фирмалары салып жатқан объектілерді өрт-техникалық тексеруді мемлекеттік өрт қадағалау органдары осы мекемелердің ресми өкілдерінің өтініші және жазбаша рұқсаты негізінде ғана жүргізе алады. Эксаумақтықты пайдаланбайтын шетелдік өкілдіктерді, сондай-ақ монастырларды, шіркеулерді және басқа да діни ұйымдарды тексеруді мемлекеттік өрт қадағалау органдары жалпы негізде жүргізеді.

44. Селолық аудандардағы егжей-тегжейлі өрт-техникалық тексеру елді мекеннің (селолық округтің) аумағында орналасқан барлық объектілерді қамти отырып, кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

45. Өрт қауіпсіздігі талаптары бұзылған жағдайда өрт-техникалық тексерудің нәтижелері бойынша бірінші басшыларға немесе кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың иелеріне және жекелеген азаматтарға өрт қауіпсіздігінің нормаларын, ережелерін және стандарттарын бұзушылықты жою туралы негізделген жазбаша ұйғарымдар тапсырылады (4-қосымша).

Ұйғарым екі данада жасалады. Ұйғарымның бір данасы тексеру аяқталғаннан кейін 5-күндік мерзімнен кешіктірілмей кәсіпорын, объекті басшысына немесе меншік иесіне тапсырылады, ал екіншісі мемлекеттік өрт қадағалау органында бақылау үшін қалдырылады.

Ұйғарымды өрт-техникалық тексеру жүргізу барысында да, зерттеу аяқталған кейін де жасауға және табыс етуге болады.

46. Өрт-техникалық тексеру жүргізу кезеңінде мемлекеттік инспектор анықталған өрт қауіпсіздігі ережелерінің, нормалары мен стандарттары талаптарының бұзушылықтарын жоюдың қажетті шараларын қабылдайды.

Өткен жолғы ұйғарым бойынша объектінің әкімшілігі орындамаған шаралар жаңа ұйғарымға енгізіледі. Осы шараларды орындаудың жаңа мерзімі белгіленбейді, қай жылдан бері ұсынылып келе жатқандығы көрсетіледі.

47. Мемлекеттік өрт қадағалау ұйғарымына тексеру жүргізген өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор қол қояды.

Ұйғарымдағы анықталған өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын жою жөніндегі ұсынылған шараларды орындау мерзімін мемлекеттік инспектор белгілейді және құрылыс салу, қайта жаңғырту немесе күрделі жөндеу сатысында күрделі қаржыны қажет еткен жағдайда кәсіпорынның, объектінің басшыларымен (иелерімен) келісіледі.

48. Жалға берілген ғимараттарда орналасқан объектілер бойынша өртке қарсы талаптар, егер олар ғимараттарды қайта жаңғыртуға байланысты болмаса

немесе жалға беру жөніндегі келісімде көрсетілмесе, тиісті өртке қарсы ережелердің толық көлемінде жалдаушыға қойылады.

49. Бақылаулық өрт-техникалық тексеру кезінде мемлекеттік өрт қадағалау ұсынған ұйғарым шараларын орындау дәрежесі тексеріледі. Мемлекеттік инспектор барлық орындалмаған шаралар бойынша орындалмау себептерін анықтауы, шаралар қабылдауы немесе қолданыстағы заңдарға сәйкес кінәлі адамдардың жауапкершілігіне қатысты ұсыныстар енгізуі тиіс.

Жаңадан анықталған өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы бойынша мемлекеттік инспектор белгіленген тәртіппен қосымша ұйғарым әзірлеп, оны мемлекеттік өрт қадағалау органына тапсырады.

50. Бекітілген мемлекеттік өрт қадағалау қызметкері IV топтағы объектілерді қоспағанда, әрбір объектіге жеке бақылау-қадағалау ісін жүргізеді, онда ұйғарымдар, хаттамалар, қаулылар, бұйрықтар, соңғы бес жылда болған өрттер туралы ақпараттар және кәсіпорынның өрт қауіпсіздігін көрсететін басқа да материалдар сақталады.

Нормалар мен ережелердің өртке қарсы талаптарынан негізделген ауытқушылықты келісу жөніндегі материалдар кәсіпорынды, объектіні пайдаланудың барлық мерзімі ішінде бақылау-қадағалау ісінде сақталады.

IV топқа жататын объектілер үшін (бір алаңда орналасқан жаңа құрылыстар, тұрғын үйлер аумағында үлгілік немесе қолданған жобамен қайталанып салынған және тағы басқалар) бір бақылау-қадағалау ісін жүргізуге жол беріледі.

51. Мемлекеттік өрт қадағалау органының бастығы немесе оның орынбасары бақылау-қадағалау ісін жүргізудің дұрыстығын кем дегенде жылына бір рет тексеруге және осы жайында тиісті жазбалар жасауға тиіс.

52. Қалалар мен селолық аудандарды кешенді тексерулер:

өрт жағдайының қиындауына ықпал етуші себептер мен шарттарды анықтау;

объектілер мен елді мекендердің өртке қарсы қорғану деңгейін арттыруға және оларды жүзеге асыруға бағытталған шараларды әзірлеу;

жоғары тұрған ұйымдарға, атқарушы өкімет және басқару органдарына тиісті ұсыныстар енгізу мақсатында жүргізіледі.

53. Қалалар мен елді мекендердің өрт қауіпсіздігінің жай-күйін кешенді тексерулерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті, облыстардың, Астана және Алматы қалалары Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің бас басқармалары мен басқармалары ұйымдастырады және жүргізеді.

Кешенді тексеру кезеңінде объектілер мен тұрғын үйлер іріктелініп зерттеледі, қалалардың, қалалық үлгідегі поселкелердің жекелеген ықшам аудандарының, селолық елді мекендердің өртке қарсы қорғану жағдайы зерделенеді.

Кешенді тексеру нәтижесін жинақтап қорыту кезінде кәсіпорындарды, объектілерді егжей-тегжейлі және (немесе) бақылаулық зерттеу материалдары ескеріледі.

54. Кешенді тексеру жөніндегі комиссияны басқару органының басшысы немесе оның тапсырмасымен Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің лауазымды тұлғасы басқарады. Комиссия құрамына Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің лауазымды қызметкерлері, сондай-ақ келісім бойынша Қазақстан Республикасының аумақтық құрылымдары жоғары мемлекеттік өкімет органдарының өкілдері, басқа мүдделі органдардың, оның ішінде республикалық , өкілдері кіреді.

55. Қалалар мен селолық аудандардың өрт қауіпсіздігінің жай-күйіне жүргізілген кешенді тексеру нәтижелері бойынша акт жасалады.

Кешенді тексеру актісі үш данада ресімделеді, оның біріншісі тексерілген қаланың, селолық ауданның әкіміне, екіншісі жоғары органына жіберіледі, ал үшіншісі кешенді тексеру жүргізген басқару органында, Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшесінде қалады.

56. Мақсатты (жедел) тексерулер (анықтамасын 28-т. қараңыз) қажеттілігіне қарай жоспарланады.

## 4. Тарау. Өртке қарсы насихат және өрт қауіпсіздігі саласында оқытып-үйрету

57. Өртке қарсы насихат жүргізу мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

неғұрлым кең таралған себептерден болатын өрттердің алдын алу;

мемлекеттік және жеке меншікті оттан сақтауға азаматтардың жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлерін, оқушылар мен студенттерді, сондай-ақ халықты өрт қауіпсіздігі ережелеріне оқытып-үйрету және таныстыру; өрт кезіндегі іс-қимылдарға оларды дағдыландыру, өртті сөндіру, оттан адамдарды және мүліктерді құтқару кезінде танытқан ерлік пен батылдықтың өнегесін түсіндіріп тарату.

58. Өртке қарсы насихат жүргізу халық, жұмысшылар мен қызметшілер арасында мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

бұқаралық ақпарат құралдарын (баспа, телевизия, радиохабарлары) пайдалану, өртке қарсы кинобейнефильмдерді, диапозитивтерді көрсету, өрт-техникалық әдебиеттер, кітапшалар, бюллетеньдер, көрнекі-бейнелеу материалдары (плакаттар, альбомдар, буклеттер және басқалары) арқылы өрт қауіпсіздігі шараларын түсіндіріп тарату;

өрт техникалық орталықтардың базасында лекциялар, әңгімелер, кеңестер өткізу, нұсқаулықтар беру, саяхатқа шығу, бұқаралық іс-шараларды, конкурстарды, айлықтарды (онкүндіктерді) ұйымдастыру;

өрт қауіпсіздігі тақырыбын қозғайтын көркем шығармалар жасау; қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерін ұйымдастыру.

59. Мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік инспекторлар мемлекеттік өкіметтің аумақтық және жергілікті органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың заңнамалармен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі талаптардың, өрт қауіпсіздігі саласындағы өртке қарсы насихат пен оқытып-үйретудің орындалуын бақылайды, сондай-ақ өртке қарсы насихатты ұйымдастыруға және жүргізуге және өрт қауіпсіздігі шараларына халықты оқытып-үйретуге дербес қатысады.

60. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар:

кәсіпорындар мен мекемелер қызметкерлерін (оқыту бағдарламаларының болуын, олардың Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелерімен сәйкестігі, кабинеттердің көрнекі құралдармен жабдықталуы, оқытатын мамандардың біліктілігі) өрт қауіпсіздігі шараларына оқытып-үйретудің ұйымдастырылуын қадағалайды;

мектеп жасына дейінгі және жалпы орта білім беретін мекемелерде балаларды, орта арнаулы және жоғары білім беретін мекемелерде мамандарды оқыту жөнінде Мемлекеттік өрт қадағалау қызметтерінің бөлімшелерімен келісілген арнаулы бағдарламалардың болуын тексереді;

бұқаралық ақпарат құралдарында қауіп-қатерлердің дәрежесі және ықтимал өрт қауіпті объектілер туралы деректер енгізілген жедел мәліметтерді, өрттердің алдын алу және жою жөніндегі шараларды жариялайды;

мемлекеттік өкіметтің аумақтық және жергілікті органдарына шаруашылық жүргізуші объектілер мен елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде олар қабылдаған шаралар туралы халықты хабардар етуге көмек көрсетеді;

өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша білімді насихаттауда, халық пен мамандарды оқытып-үйрету кезінде анықталған кемшіліктер бойынша тиісті органдар мен ұйымдарға ұсыныстар енгізеді.

61. Мемлекеттік өрт қадағалаудың әрбір қызметкері ақысыз негізде қызмет көрсетілетін аумақта халық арасында (лекциялар оқу, әңгімелер, семинарлар, викториналар, тақырыптық кештер) жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қатысуы тиіс. Сөйленетін сөздер өрттердің алдын алуға, олардың туындауының нақтылы себептеріне бағытталуы тиіс.

62. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары дербес түрде немесе қоғамдық өрт бірлестіктерімен бірлесіп өрт сөндіруге қарсы плакаттар, альбомдар,

открыткалар, буклеттер, өртке қарсы экспозициялар, стендтер, көрмелер, кабинеттер (бұрыштар) және т.б. жабдықтарын шығаруды және таратуды ұйымдастырады.

63. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары өз бетінше немесе қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерімен, басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп өрт техникалық орталықтардың, олардың филиалдарының экскурсиялық, кеңес беру және оқу-әдістемелік жұмыстарын құру, ресімдеу, ұйымдастыру және есепке алу жөнінде жұмыстарын жүргізеді, жас өрт сөндіруші дружиналарының ( клубтарының) жұмыстарын бақылайды және осы дружиналар мүшелерін шамасына қарай профилактикалық жұмыстарға, жас дружинашылардың жарыстары мен слеттерін өткізуге тартады.

64. Мемлекеттік өрт қадағалаудың аумақтық органдары өрт техникалық білімді және өртке қарсы қызметтің жетістіктерін насихаттау мәселелері бойынша жазушылар, журналистер, суретшілер, кинематографистер одақтарымен және басқа шығармашылық ұйымдарымен тығыз байланыс ұстайды .

65. Мемлекеттік өрт қадағалаудың аумақтық және жергілікті органдарында өртке қарсы қызметті насихаттау жөніндегі жұмысты есепке алу жұмысы мынадай бағыттар бойынша ерікті нысанда арнаулы журналдарда жүзеге асырылады:

бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялау;

өртке қарсы тақырыпқа арналған кино-, теле-, бейне фильмдерді ұйымдастыру;

өрт техникалық әдебиеттер және өртке қарсы тақырыпқа арналған жарнамалық өнімдер (плакаттар, альбомдар, буклеттер, конверттер, ескерткіш белгілер, белгілер, күнтізбелер) шығару және тарату;

тақырыптық көрмелер өткізу;

лекциялар, әңгімелер, кеңестер, нұсқау берулер өткізу;

радио және теле арналар арқылы сөз сөйлеу;

өрт техникалық орталықтардың базасында бұқаралық шаралар, конкурстар және ашық есік күндер өткізу.

## 5. Тарау. Нормативтік-техникалық жұмыс

66. Өртке қарсы нормалау - құрылыс үшін алаң (трасса) таңдау кезінде, жобалау, салу және құрылысы аяқталған ғимараттар мен құрылыстарды қабылдап алу, өнімдер шығару кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына мемлекеттік өрт қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және өзге де құжаттарды әзірлеу.

67. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті немесе оның тапсырмасы бойынша мемлекеттік өрт қадағалаудың аумақтық органдары өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған нормативтік құқықтық актілер мен өзге де құжаттарды әзірлейді және келісім береді.

68. Құрылыс үшін алаң (трасса) таңдау кезінде, жобалау, салу және құрылысы аяқталған ғимараттар мен құрылыстарды қабылдап алу, өнімдер шығару кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына мемлекеттік өрт қадағалау Мемлекеттік өртке қарсы қызметі аумақтық органдарының бөлімшелерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Салынатын объектілерді есепке алу профилактикалық жұмыстар жүргізу журналында тіркеледі (N 5-қосымша).

69. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтердің облыстық, Астана және Алматы қалаларының бас басқармаларында және басқармаларында, мемлекеттік өрт қадағалаудың жергілікті органдарында өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша лауазымды адамдар мен азаматтарға кеңес беру ұйымдастырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармалары органында, бөлімшелерінің бөлімдерінде кеңес беруді есепке алатын журнал жүргізіледі (N 6-қосымша).

70. Мемлекеттік өртті қадағалаудың аумақтық органдары объектілердің өрт қауіптілігіне, маңыздылығына, күрделілігіне және жергілікті жерлердің жағдайына сүйене отырып, кәсіпорындардың, объектілердің өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бөлігіне міндетті түрде толығымен тексеруге жатқызылған құрылыстарының жобалық-сметалық құжаттамаларының есебін жүргізеді.

71. Жобалық-сметалық құжаттамаларды тексеру:

тексеру барысында салынып жатқан алаңда тікелей және салынып жатқан құрылыс объектілерін тексеру;

жобалау, құрылыс ұйымдарында және тапсырыс берушілерде;

сараптама комиссиялары мен сәулет-құрылыс органдары кеңестерінің жұмысына оның мәжілісі басталар алдында және өткізілуі барысында қатысу кезінде;

мемлекеттік өрт қадағалау органында (кәсіпорындар мен объектілердің ірі техникалық күрделі жобалары бойынша жобалау-сметалық құжатын қарау кезінде) жүзеге асырылады.

72. Объектілердің газ қондырғылары, электражыратқыш құрылғылары және сыртқы және ішкі электр жүйелерінің кішігірім стансаларының жобаларын қарау өрт қауіпсіздігі талаптарына олардың сәйкес келу бөлігі арқылы ғана жүргізіледі.

73. Жобалық-сметалық құжатта анықталған кемшіліктер және өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғандығы жөнінде бас жобалаушыға (жобалаушыға) ұйғарымдама тапсырылады. Ұйғарымдаманың көшірмелері тапсырыс берушіге, бас мердігерлікке және қажет болған жағдайда Мемлекеттік өртке қарсы қызмет

басқармасының жоғары тұрған органына мәлімет үшін жіберіледі.

Бір ай мерзім ішінде ресімделуге және берілуге тиісті қарауға ұсынылған жобалық құжаттамалардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы жазбаша қорытындыны ресімдеуге жол беріледі. Жобалау материалдарын сызбаларымен қаралғаны туралы кез-келген жазбалар мен мөртаңбаларды қою ұсынылмайды.

74. Жұмыстарды есепке алу сәулет-техникалық кеңестердің мәжілістерінде осы органның арнайы журналында жүргізілуі керек.

Қаралатын жобалар бойынша ескертпелер тапсырыс берушіге бір ай мерзімде тапсырылуға тиісті.

75. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор ірі көлемдегі өрт жарылысы қаупі бар объектілердің құрылысына жер учаскелерін бөлу, сондай-ақ шет елдік компаниялар құрылысын жүзеге асыратын объектілер жөніндегі комиссия құрамына енгізіледі.

Жер учаскелерін бөлу және өртке қарсы белгіленетін шаралар қорытындысын (N 7 қосымша) мемлекеттік өрт қадағалау органдары 15 күндік мерзім ішінде тапсыруға тиісті. Барлық қорытындылар журналда тіркеледі (N 8 қосымша).

Құрылысқа жер учаскесін таңдау жөніндегі комиссия бекіткен актінің көшірмесі ұсынылатын өртке қарсы шараларымен бірге мемлекеттік өрт қадағалаудың жергілікті органына бақылау үшін жіберіледі.

76. Салынып жатқан объектілерді тексеру барысында жобалық-сметалық құжаттамаларды және орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының бекітілген ( келісілген) жоба бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестілігі тексеріледі, бұрын анықталған кемшіліктердің жойылуына, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуына бақылау жасайды.

77. Салынып жатқан құрылыстарды тексеруді жобалау ұйымының авторлық қадағалау жүргізетін күні және басқа қадағалау органдарының өкілдерімен бірлесе өткізу ұсынылады.

78. Салынып жатқан объектілерді тексеру мерзімділігі және тексеру құрылыстың маңыздылығына, мерзіміне және қарқынды жүргізілуіне байланысты белгіленеді. Тексеру мерзімі құрылыс жұмыстарын орындаудың күнтізбелік жоспарларын ескере отырып анықталады.

79. Үлгі жобасы бойынша салынып жатқан объектілерді тексеру кезінде жобада өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда ұйғарымдама ресімделеді және ол жобаны жүзеге асырушы ұйымның басшысына тапсырылады. Ұйғарымдама көшірмелері сондай-ақ бас мердігершіге, тапсырыс берушіге Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріндегі жоғары тұрған басқару органына жіберіледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріндегі жоғары тұрған басқару органы үлгі жобада анықталған өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғаны туралы жобаны әзірлеген ұйымға, сондай-ақ жобаны өндіріске енгізуге дейін қараған мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына (қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментіне) хабарлайды.

80. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің аумақтық басқару органдарында жобалау ұйымдарын және басқа заңды тұлғаларды олардың меншік нысандарына қарамастан, сондай-ақ осындай жұмыстардың түрімен айналысуға лицензиясы бар азаматтарды есепке алу жүргізіледі (N 9-қосымша).

81. Құрылыс салуға жобалау ұйымдары және жобалау құқығы берілген жеке тұлғалар берген жобалық-сметалық құжаттамалардың өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік-құжаттардың талаптарына сәйкестігін тексеру екі жылда бір рет жүргізіледі. Тексеру жүргізуге, келісім бойынша басқа ұйымдардың мамандары, сондай-ақ бас жобалау ұйымдарының мамандары тартылуы мүмкін.

82. Салынып жатқан объектілерді тексеру кезінде жоба авторлары қол қойған және мұрағат нөмірі бар белгіленген тәртіппен ресімделген жобалау-сметалық құжат қаралады.

83. Өрт қауіпсіздігі жөнінде нормативтік құжаттарды әзірлеуші ұйымдарды тексеру кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жобалаудың ведомстволық және салалық нормаларына өзгерістердің енгізілу тәртібі бақылауға алынады.

84. Өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын тексеру барысында анықталған кемшіліктер, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жобалаудың ведомстволық және салалық нормаларына өзгерістер енгізу тәртібі ұйғарымдамада көрсетіледі.

85. Салынатын және жобалау нормалары жоқ және жобалау нормаларынан бас тартқан күрделі техникалық, өрт жарылыс қауіпті объектілердің жобалық шешімдерін қарау және келісу үшін, сондай-ақ халық көп жиналатын үйлер мен ғимараттарда, мемлекеттік өрт қадағалау органдарында құрамына Мемлекеттік өрт қадағалау қызметінің жоғары дайындығы бар қызметкерлері кіретін орган бастығы (бастықтың орынбасары) басшылық ететін сараптама кеңесі (топ) құрылады.

86. Сараптама кеңесі жобалау нормаларынан бас тарту негізділігін және оған жол беру мүмкіндігін, жол жобалау ұйымдары әзірлеген жобалау материалдарындағы өртке қарсы шаралардың тиімділігі мен толықтығын қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

87. Мемлекеттік өрт қадағалау органы берген келісімнің нақты объектінің ( басқа ұқсас объектілерге қолданылмайды) нақтылы жобалау материалдары

бойынша күші бар және кәсіпорындарды, үйлерді, ғимараттарды жобалау мен салудың нормативтік ұзақтығының барлық мерзімінде қолданылады.

Келісілген құжаттаманың бақылауға алынған көшірмелері тиісті шешім қабылдаған мемлекеттік өрт қадағалау органында сақталады.

Үлгі жобадағы жобалау нормаларымен келісу қолданыстан алып тастағанға дейінгі қолданыстың барлық мерзіміне сақталады.

88. Өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор қолданыстағы заң актілеріне сәйкес құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдап алу жөніндегі комиссия жұмысына қатысады.

Жұмыс бабындағы және мемлекеттік қабылдау комиссиялары жұмысын бастар алдында мемлекеттік өрт қадағалау өкілдері:

объектінің өрт қауіптілігін және оның ерекшелігін сипаттайтын нормативтік-техникалық және анықтамалық әдебиеттерді оқып-үйренуі;

жобалау материалдармен танысуы;

жаңа құрылыс жөнінде қадағалау материалдарын оқып-үйренуі және тексерілуге тиісті мәселелердің тізімін жасауы қажет.

89. Қабылдап алу комиссиясының жұмысы кезінде өрт қадағалау өкілі құрылысы аяқталған объектілердің өртке қарсы қорғалуын қамтамасыз ететін барлық инженерлік жабдықтардың сынақтан өткізілу актілерін талап етуге және қарауға тиісті.

Қажет болған жағдайда, өрт қадағалау өкілі өзінің қатысуымен жабдықтарға, қондырғыларға қайталама немесе қосымша сынақтар өткізу жөнінде құрылыс ұйымдарынан талап етуге құқы бар.

Жабық жұмыстардың сапасына немесе дұрыс орындалуына өрт қадағалау өкілі күдік келтірген жағдайда тексеру үшін жекелеген құрастырмаларды ашуды талап етуге құқы бар.

90. Қабылдап алу комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін өрт қадағалау өкілі егер өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғандығы анықталмаса, объектіні пайдалануға беру актісіне қол қояды.

Өрт қауіпсіздігінің талаптары бұзылған жағдайда өрт қадағалау өкілі құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға беру актісіне қол қоймайды. Анықталған барлық кемшіліктер қорытындыланып жинақталады және қабылдау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі түрінде жазбаша ресімделеді де, комиссия төрағасына беріледі.

91. Құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға қабылдап алу жөніндегі комиссия жұмысына қатысу нәтижелері туралы комиссия жұмысына қатысуға жіберілген өрт қадағалау қызметкері Мемлекеттік өрт қадағалау органының бастығына жазбаша түрде хабарлайды және жаңа құрылысты қадағалау ісі жөнінде және жаңа құрылыстарды есепке алу журналына тиісті жазба енгізеді.

92. Өртке қарсы нормалау саласына маманданған Мемлекеттік инспектор ірі көлемдегі және сипаты бар өрттерді жүйелі түрде зерделеп отыруға, нормативтік құжаттарға енгізу үшін ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Бұл ұсыныстар Өртке қарсы қызмет басқармасының аумақтық органдарында жыл сайын жинақталып қорытындыланады және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментіне жіберіледі.

93. Мемлекеттік өрт қадағалау органы кәсіпорындардың өздері жасаған және жөндеген өрт техникалық жарақтардың сапасын, өндірістік кәсіпорындар шығарған құралдардың оттан қорғалуы тиімділігін, өрт сөндіргіштердің зарядталу сапасын, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласындағы басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді қадағалайды.

Өрт қадағалау органдары өрт техникалық өнімдерді шығару, жөндеу мен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдарды есепке алуды жүргізеді.

94. Өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін стандарттар мен техникалық шарттардың жобалары, сондай-ақ өрт техникасына арналған стандарттар мен техникалық шарттардың жобалары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі департаментімен келісіледі.

95. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті құрылыс нормалары және ережелері жобалары, өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша қорытынды береді.

Құрылыс нормалары мен ережелерінің, стандарттарының жобалары тілек білдірген күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қаралуға тиісті.

96. Техникалық шарттардың жобалары 15 күндік мерзім ішінде қаралуға тиіс.

97. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық орган республика аумағында өрт техникалық өнімдерді шығаруға және қолдануға рұқсат береді.

98. Мемлекеттік өрт қадағалау органы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау мен сертификаттауды жүзеге асырады. Осыған орай Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде лицензия алған ұйымдарды есепке алу жүргізіледі.

**6. Тарау. Өрт автоматикасы**

99. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары нормалардың, ережелердің және стандарттардың сақталуына, сондай-ақ жобалау, монтаждау және өрт автоматикасы қондырғыларына (бұдан әрі - ӨАҚ) техникалық қызмет ету жөніндегі қызмет түрімен айнылысу құқын беретін лицензиялардың болуына бақылау жасайды, техникалық жағдайын, ӨАҚ техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі лицензиялаудың ұйымдастырылуын тексереді, оларды пайдалануға қабылдап алу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады,

жобалау және басқа нормативтік құжаттамаларды әзірлеушілерге кеңес береді, өрт автоматикасының жаңа үлгідегі аспаптарын және басқа да техникалық құралдарын жасауға көмектеседі.

100. Өрт қадағалау органдары шаруашылық жүргізуші объектілерді тексеру кезінде:

өрт автоматикасы қондырғыларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету бөлігін лицензиялауды ұйымдастырушыларды бақылау жасауға;

бірлесіп жұмыс істеуге объектінің өрт автоматикасы қондырғыларына техникалық қызмет етуге жауап беретін ұйымдардың өкілдерін тартуға;

кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына, басқа лауазымды адамдарға және азаматтарға мемлекеттік стандарттардың анықталған кемшіліктерін жою, өрт автоматикасы қондырғыларын монтаждау, техникалық қызмет көрсету нормалары мен ережелері туралы мемлекеттік өрт қадағалау ұйғарымдамасын беруге;

өрт туралы дабыл түскен жағдайда кезекшінің және қызмет көрсетуші персоналдың дабыл берудің қабылдау-бақылау аспаптарымен нақтылы жұмыс істей білуін, оператор отырған жердегі өрт автоматикасының жұмыс істеу қабілетін тексеру және өртке қарсы қызмет бөлімшелерін, басқа қызметтерді және кәсіпорындар басшыларын шақыру тәртібін білуін тексеруге;

өрт автоматикасы қондырғылары жұмысының тиімділігі, жұмыс істеу қабілетін және істен шығу себептерін анықтау үшін тараптық ұйымдардың тиісті мамандарын тарта отырып, өрт техникалық сараптаманы өткізуге тиіс.

## 7. Тарау. Әкімшілік-құқықтық қызмет

101. Әкімшілік практикасы - өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласында басқа да құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаларды, лауазымды адамдар мен азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту - өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың қызметі.

102. Әкімшілік практиканы өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасы заңдарының және басқа нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырады.

103. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 249 , 277 , 312 , 313 , 334 , 460-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

104. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары атынан істі карауға және әкімшілік жазаға тартуға:

Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік

инспекторы және оның орынбасары - азаматтарға айлық есептік көрсеткішінің онға, лауазымды адамдарға - елуге дейін, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өрт қауіпсіздігі жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары және олардың орынбасарлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткішінің беске, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейін, заңды тұлғаларға - бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

облыстардың, қалалар мен аудандардың өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, мемлекеттік инспекторлар - азаматтарға айлық есептік көрсеткішінің үшке, лауазымды адамдарға - онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

*Ескерту: 104-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды* - *ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

105. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы хаттама жасалған мезеттен бастап іс қозғалды деп есептеледі ( N 10-қосымша).

106. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы хаттаманы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің уәкілеттік берілген лауазымды адамы жасайды.

107. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада датасы және оның жасалған жері, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, фамилиясы мен аты жөні; қылмыстық іс қозғауға қатысы бар адам туралы мәліметтер; әкімшілік құқық бұзушылықтың болған жері, уақыты және оның мән-жайы; аталған құқық бұзушылыққа әкімшілік жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің ерекше бөлігіндегі баптар; куәгерлер мен зардап шегушілердің егер, олар бар болса фамилиялары, аттары, әкесінің аттары, мекен-жайы; қозғалған қылмыстық іске қатысты жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемесі; істі қарауға қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

108. Қылмыстық іс қозғауға қатысы бар жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау кезінде, сондай-ақ іс жүргізудің басқа қатысушыларына Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықтық бұзушылық туралы кодексінде көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, ол туралы хаттамаға белгі қойылады.

109. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам қол қояды. Зардап шегушілер мен

куәгерлер болған жағдайда, сондай-ақ куәгерлердің қатысы болған жағдайда хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

110. Қылмыстық іс қозғауға қатысы бар жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысу мүмкіндігі берілуі тиіс. Көрсетілген адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертпелер беруге, сондай-ақ оған қол қоюдан бас тартудың дәлелдерін баяндауға құқылы, ол осы хаттамаға қоса беріледі. Осы адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда оған тиісті жазба жүргізіледі.

111. Қылмыстық іс қозғауға қатысы бар жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, зардап шегушіге оның өтініші бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі ол жасалғаннан кейін дереу қол қойдырту арқылы табыс етіледі.

112. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама өрт қадағалау (11-қосымша ) органының әкімшілік ісі журналында есепке алынады және оған әкімшілік іс жүргізіледі.

113. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша қаралады.

Мемлекеттік өрт қадағалаудың лауазымды адамы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде мынадай мәселелерді анықтап алады:

1) аталған істі қарау оның құзыретіне кіре ме;

2) аталған істі қарау мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар лауазымды адамда бар ма;

3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және басқа хаттамалар дұрыс толтырылған ба, сондай-ақ істің өзге де материалдары ресімделген бе;

4) іс жүргізуді болдырмайтын, сондай-ақ адамды әкімшілік жауапкершілікке тартпауға мүмкіндік беретін жағдайлар бар ма;

5) өтініштер мен қарсылық білдірулер бар ма;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 584 - 588-баптарында көрсетілген адамдар істің қаралатын жері және уақыты туралы хабардар етілді ме (қосымша).

114. Мемлекеттік өрт қадағалаудың лауазымды адамы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) істің қаралу уақыты мен жерін белгілеу туралы;

2) іс бойынша қажетті қосымша материалдар талап етілетін адамдарды шақыру туралы;

3) істі кейінге қалдыру туралы;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және басқа материалдарды құқығы жоқ адамдардың хаттаманы жасағаны және басқа материалдарды ресімдегені, хаттаманы дұрыс жасамағаны және басқа материалдарды ресімдемегені, істі қарау кезінде ұсынылған материалдардың толық еместігі жағдайларында, хаттаманы жасаған органға (лауазымды адамға) қайтару;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және басқа материалдарды қарауға ведомстволық бағынысты ұйымға, егер аталған істі қарау оның құзыретіне жатпайтын болса немесе лауазымды адамның қарсылық білдіруі туралы айқындама енгізілген болса, беру туралы;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 580 - 581 баптарында көзделген жағдайлар болған жағдайда іс жүргізуді тоқтату туралы.

115. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және істің басқа материалдары істі қарауға құқығы бар лауазымды адам алған күннен бастап он бес күндік мерзімде қаралады.

116. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтініштер түскен жағдайда немесе істің жағдайларын қосымша анықтап алу қажет болған жағдайда істі қарайтын лауазымды адам істің қаралу мерзімін, бірақ бір айдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін.

117. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскен лауазымды адам:

1) істі кім қарайтынын, қай іс кімге жататынын, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің қандай бабы негізінде кімнің жауапқа тартылатынын жария етеді;

2) әкімшілік жауапкершілікке тартылған жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың қатысуын куәландырады;

3) іс жүргізуге қатысатын адамдарды белгілейді және жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілдерінің, қорғаушының және уәкілеттік берілген өкілдің өкілеттіктерін тексереді;

4) іс жүргізуге қатысушылардың келмей қалу себептерін анықтайды және аталған адамдар болмаған кезде істі қарау туралы немесе істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқығы мен міндеттерін түсіндіреді;

6) мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерге рұқсат береді;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, қажет болған жағдайда істің өзге материалдарын жария етеді.

118. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскен лауазымды адам істің жүргізілуіне қатысы бар жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемелерін, істің жүргізілуіне қатысушы адамдардың жауаптарын, маманның анықтамаларын және сараптама қорытындысын тыңдайды, өзге дәлелдемелерді тексереді.

119. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келе лауазымды адам келесі қаулылардың бірін шығарады:

1) әкімшілік жазаға тарту туралы;

2) істің жүргізілуін тоқтату туралы;

3) аталған құқық бұзғаны үшін жазаның өзгелей түріне немесе айыппұл мөлшерінде айыпақы тартуға құқығы бар сотқа, органға (лауазымды адамға) істі беру туралы.

120. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаулысында мыналар көрсетілуі тиіс:

1) соттың, лауазымды адамның лауазымы, фамилиясы, аты-жөні, қаулыны шығарған орган алқасының атауы және құрамы;

2) істің қаралатын датасы және жері;

3) істің қаралуына қатысы бар адам туралы мәліметтер;

4) әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің бабы;

5) істі қаралу кезінде белгіленген жағдайлар;

6) іс бойынша қабылданған шешім;

7) қаулыға шағым жасау тәртібі мен мерзімі.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаулысы дәлелдерге негізделген болуы тиіс.

121. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаулысына қаулыны шығарған лауазымды адам қол қояды.

122. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаулысы іс қаралуы аяқталғаннан кейін дереу жария етіледі.

123. Қаулы көшірмелері оны шығаруға қатысы бар жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ зардап шегушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне олардың өтініші бойынша табыс етіледі. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулы көшірмелері ол шығарылған үш күннің ішінде жіберіледі (N 12-қосымша).

124. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке және заңды тұлғаларға мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) әкімшілік айыппұл салу.

125. Ескерту әкімшілік жаза тартуға уәкілеттік берілген лауазымды адамның жасалған құқық бұзушылыққа берген бағасы мен құқыққа қарсы іс-әрекет жасамау туралы жеке немесе заңды тұлғаға жасаған ескертулерін ресми түрде беруінен тұрады. Ескерту жазбаша нысанда шығарылады.

126. Әкімшілік айыппұл салу Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ерекше бөліміндегі баптарда көзделген жағдайларда және шегінде әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылған кезіндегі қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткішінің тиісті анықталған саны мөлшерінде салынатын ақшалай айыппұл.

127. Жеке тұлғаға салынатын айыппұл көлемі кемінде он айлық есептік көрсеткіштен, лауазымды адамға салынатыны - кемінде бес айлық есептік көрсеткіштен, ал заңды тұлғаға салынатыны - кемінде жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

128. Жеке тұлғаға салынатын айыппұл көлемі екі жүз айлық есептік көрсеткіштен, лауазымды адамға - төрт жүз айлық есептік көрсеткіштен, заңды тұлғаға - екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

129. Әкімшілік жазаға тарту құқық бұзушылықтың тиісті сипатына, оның жасалу жағдайларына, құқық бұзушы адамға әділ болуы тиіс.

130. Жеке тұлғаларды әкімшілік жазаға тарту кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлі адамның оны ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі тәртібі, әлеуметтік жағдайы, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ескеріледі.

131. Заңды тұлғаларды әкімшілік жазаға тарту кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, материалдық жағдайы, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ескеріледі.

132. Құқық бұзушы қаулының заңдық күшіне енген күнінен бастап 30 күн ішінде ерікті түрде айыппұл төлеуден бас тартқан жағдайда лауазымды адам Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен көзделген тәртіппен оны қарау үшін сотқа жібереді.

133. Жоғары тұрған мемлекеттік өрт қадағалау органы әкімшілік жазаға тарту туралы қаулының күшін жоюы немесе өзгертуі мүмкін. Салынған әкімшілік жазаны алып тастау немесе өзгерту туралы өтініштен бас тартқан жағдайда тиісті қаулы шығарылады.

134. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының лауазымды адамдары жағдайдың туындауына алып келетін өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталған кезде болжанып отырған қауіпті аймақтардан адамдарды көшіруге кететін уақыт ішінде өрттің бірінші және екінші факторлары адамдарға әсерін тигізетін болады, сондай-ақ объектіні салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе

техникалық жарақтандыру кезінде өртке қарсы жобалау нормаларымен көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, өз құзыреті шегінде кәсіпорындардың (жекеленген өндірістердің), өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын жартылай немесе толығымен тоқтата тұруға, ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды пайдалануға беруге тыйым салуға, жекеленген жұмыс түрлерін жүргізуге шаралар қабылдауға тиіс.

Өрттің бірінші факторына жататындар: жалын және ұшқындар, қоршаған ортаның жоғары температурасы, түтін, улы заттардың жануы және термикалық жайылуы, оттегі қоспаларының ауада төмендеуі;

Өрттің екінші факторларына жататындар: құрастырмалардың, аппараттардың , агрегаттардың ток жүретін бөліктерінде кернеудің шығуы нәтижесінде қираған аппараттардың сынықтары, бөліктері, өрт салдарынан болған қауіпті жарылыстың факторлары.

135. Өрт қаупін туғызатын өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелері бұзылған кезде, сондай-ақ ұйымдарды, объектіні, ғимаратты, үйді салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе техникалық жағынан қайта жарақтандыру кезінде жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігі талаптарын орындамаған жағдайда, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толығымен тоқтата тұру, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт қауіпі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салу.

136. Ұйымдарды, объектіні, ғимаратты, үйді салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе техникалық жағынан қайта жарақтандыру кезінде өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері бұзылған жағдайда, сондай-ақ жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігінің талаптары орындалмаған жағдайда, шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын ұйымның, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұру, үйлерді, ғимараттарды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салу Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өтініші бойынша сот арқылы жүргізіледі. Шаруашылық жүргізуші субъектісінің жұмысына ішінара немесе толық тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа береді.

137. Талап арыз жазбаша түрде сотқа беріледі:

Арызда мыналар көрсетіледі:

1) арыз берілетін соттың атауы;

2) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің орналасқан жері және

банктік реквизиттері;

3) жауап берушінің атауы, оның тұратын мекен-жайы немесе, егер жауап беруші ұйым болып табылатын болса, оның мекен-жайы және банктік реквизиті, егер олар шағымданушыға белгілі болса;

4) шағымданушы құқықтарының, бостандықтарының немесе заңды мүдделерінің бұзылу мән-жайы немесе бұзылу қатері және оның арызының талаптары;

5) талапкер өзінің талаптарын негіздеп көрсеткен жағдайлар және осы жағдайларды растайтын дәлелдемелер;

6) арызға қоса берілген құжаттардың тізбесі.

Арызда дауларды шешу үшін маңызы бар өзге де мәліметтердің көрсетілуі, сондай-ақ шағымданушының өтініші баяндалуы мүмкін.

Арызға талапкер немесе оның өкілі өкілеттігі болған және талап-арызды көрсеткен жағдайда қол қояды.

138. Талап арызға мыналар қоса беріледі:

1) жауап берушілердің және үшінші жақ адамдарының саны бойынша талап арыздардың көшірмелері;

2) өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенім хат немесе өзге де құжаттар;

3) талапкердің өз талаптарын негіздеп көрсеткен жағдайларды растайтын құжаттары және жауап берушілер мен үшінші жақ адамдары үшін, егер олардың өздерінде жоқ болса, осы құжаттардың көшірмелері;

4) талапкердің сот шығындарын төлеуден босату туралы өтініші.

139. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға ерекше жағдайларда, өртке қарсы нормалар мен ережелердің бұзылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына анық қауіп төндірген кезде талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шаққанға дейін қолданылады.

140. Кәсіпорындардың (жекелеген өндірістердің) жұмысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұру, үйлерді, ғимараттарды пайдалануға тыйым салу туралы қаулы шығарылады (N 13-қосымша).

141. Шағын кәсіпкерлік субъектілері мен басқа объектілердің қызметіне тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы құжаттарды ресімдейтін уәкілеттік берілген лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, оның орынбасары, Қазақстан

Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өрт қадағалау жөніндегі бас, олардың орынбасарлары және аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

142. Өндірістік учаскенің, агрегаттың жұмысын тоқтата тұру, жекелеген үй-жайларды пайдалануға, жұмыстардың жекелеген түрлерін жүргізуге тыйым салу қаулы-хаттамамен ресімделеді (N 14-қосымша).

143. Қаулы мен қаулы-хаттамада аталған шараларды кідіріссіз қолдануға негізі болып табылатын себептер мен жағдайлар анық жазылады.

Кәсіпорындардың жұмысын толығымен немесе ішінара тоқта тұру, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға беруге тиым салу әрбір қаулымен бөлек толтырылады . Бірнеше қаулыны орындауға келтіру үшін бір хаттама жасауға жол берілмейді.

144. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тиым салу немесе тоқта тұру туралы қаулыны және жекелеген үй жайларды пайдалануға беруге тиым салу, учаскенің, агрегаттың жұмысын тоқтата тұру сот шешімімен немесе мемлекеттік өрт қадағалау органдарының жоғары тұрған лауазымды адамдары өзгертуі мүмкін немесе күшін жояды. Қаулыны өзгерту немесе күшін жою мемлекеттік өрт қадағалау органының шешімімен ресімделеді.

145. Қаулыны өзгерту өрттің тікелей қатерін туғызатын кемшіліктерді жою және болуы ықтимал өрттің кеш анықталуы мен өршуіне негіз болған кемшіліктерді жоюдың жоспар-кестесін жасау кезінде жүзеге асырылуы мүмкін.

146. Қаулының күшін жою оны шығаруға негіз болған кемшіліктерді толық жойған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

147. Қаулы және қаулы-хаттама арнаулы журналда тіркеледі (15-қосымша).

## 8. Тарау. Өрттерді есепке алу, талдау

148. Мемлекеттік статистикалық есепке Қазақстан Республикасының аумағында болған барлық өрттер олардың шыққан орындары мен зардаптарының болғанына қарамастан жатқызылады.

Мемлекеттік статистикалық есепке төтенше аумақтық мәртебесі бар объектілерде олар үшін зардаптардың болғанына қарамастан болған өрттер, Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғалары үшін олар материалдық шығындар келтірген немесе басқа зардаптар туғызған жағдайлардан басқасы, енгізілмейді.

149. Өрттер мен олардан болатын зардаптарды есепке алу аймақтардағы өрттерге байланысты жағдайларды сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді жасау, сондай-ақ олардың туындау жағдайларын талдау, адамдардың қауіпсіздігін, материалдық құндылықтардың оттан қорғалуын және өрттерді тезірек сөндіруді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында жүргізіледі.

150. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары барлық өртке олардың туындау себептері мен зардаптарына қарамастан талдау жасайды. Талдау мемлекеттік өрт

қадағалау органдарының барлық деңгейдегі тиісті жұмыс жоспарына енгізілетін өрт сөндірудің алдын алуға бағытталған шаралар әзірлеумен аяқталады. Өртке талдау жасау ауданның (қаланың, облыстың) демографиялық, ауа-райлық, экономикалық сипаттамаларын, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында болып жатқан өзгерістерді және өрттерге байланысты жағдайларға әсерін тигізетін басқа факторларды есепке ала отырып жүргізеді. Өрт туралы статистикалық деректерді талдау кестелермен, кесінділермен, диаграммалармен, схемалармен, карталармен және т.б. көрсетіледі.

151. Өрттерді есепке алуды Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы " Қазақстан Республикасының аумағында өрттерді және олардың зардаптарын мемлекеттік есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 шілдедегі N 1053 қаулысына сәйкес жүзеге асырады.

152. Есепке алудың ресми құжаты өрт туралы акті болып табылады.

153. Мемлекеттік өрт қадағалау қызметкерінің немесе өрт сөндіруге жетекшілік еткен басшының басқаруымен құрамы кемінде 3 адамнан тұратын комиссия оқиға болған жерде, ол сөндірілгеннен кейін бір тәуліктің ішінде өрт туралы актіні (16-қосымша) жасайды. Комиссия мүшелері ретінде құқық қорғау органдарының, сақтандыру ұйымдарының (сақтандырылған құрылыстар бойынша), объекті әкімшілігінің немесе меншік иесін және басқа ұйымдарды тарта алады.

154. Аталған актіде өрттің себептері дәлме-дәл көрсетілуі және техникалық негізделуі керек. Егер өрт себебін дәлме-дәл анықтау мүмкін болмаса, онда алдын-ала шамаланған себептер немесе өрттің туындау себептерінің анықталмағандығы атап көрсетіледі.

Өрт туралы бар немесе өзге мәліметтердің жоқтығы акті жасауды кешіктірмеуге негіз болмауы тиіс.

155. Өрт бөлімшелері бармаған өрт туралы акті және Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріне азаматтардан, құқық қорғау органдарынан және басқа көздерден (ауызша немесе жазбаша) ол туралы түскен хабарлама ақпарат алынған сәттен бастап 2 тәулік ішінде жасалады.

156. Актіге комиссия қол қойғаннан кейін ол өрт фактісі туралы тексеру ( тексеру) жүргізген органда қалады. Өрт туралы актінің көшірмелері қажет болған жағдайда мүдделі заңды және жеке тұлғаларға ресми арызы негізінде беріледі.

157. Әрбір өрт бойынша өрттерді есепке алу карточкасы жасалады, оған аудан (қала) бойынша өрттерді бірыңғай есепке алуды жүзеге асыратын Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдағы өрттерді есепке алуды тіркейтін журнал бойынша нөмір беріледі.

## 9. Тарау. Өрттерді тексеру

158. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы өртке байланысты барлық қылмыстық істер бойынша тексеру жүргізетін орган болып табылады.

159. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің нысаны ретінде тергеу жүргізуді Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасына сәйкес қатаң түрде қылмыстық жағдайларды анықтау, белгілеу, жиынтығын бекіту және қылмыстық жауапкершілікке оларды жасаған адамдарды тарту жөнінде белгіленген өкілеттік шегінде жүргізеді.

160. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тергеу органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , Заңдарын, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

*Ескерту: 160-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

161. Қылмыстың сипатына байланысты Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тергеу органы:

- қылмыстың белгілерін және оларды жасаған адамдарды анықтау және қылмыстың алдын алу және оған тосқауыл қою мақсатында заңмен белгіленген құзыретіне сәйкес қажетті қылмыстық-процессуалдық шаралар қабылдайды;
- міндетті түрде алдын ала тергеу жүргізілетін барлық істер бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 200-бабында көзделген тәртіпте қылмыстық-процессуалдық іс жүргізеді;
- міндетті түрде алдын ала тергеу жүргізілмейтін істерді жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі 288-бабының үшінші бөлімінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізеді.

162. Тергеу бөлімшелері Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің бастығына, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бас басқармасы, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасы, бастықтарына, қалалық, аудандық өрт бөлімдерінің бастықтарына бағынады. Тергеу бөлімшелеріне тікелей басшылықты тергеу басқармаларының, бөлімшелерінің бастықтары жүзеге асырады.

Бөлімше басшысы алғашқы материалдардың сапалы түрде жинақталуына және олардың тергеу бөлімшелеріне уақытында жіберілуіне бақылау жасауды қамтамасыз етуі тиіс. Инженер-инспекторлық құрамға өрт туралы істерге тергеу жүргізуге тыйым салынады.

*Ескерту: 162-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі*

*агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

163. Тергеушілерді өрт ісі жөніндегі қылмыстық тергеуге байланысты емес жұмыстарды орындауға тартуға жол берілмейді.

164. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бас басқармалары, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармалары тергеу жүргізген мынадай:

қосымша тергеуге жіберілген;

тергеу жүргізу мерзімі 1 айдан астам уақытқа ұзартылған;

келіп түскен прокурорлық әрекеттер актілері, соттардың жеке анықтамалары, бұқаралық ақпарат құралдарында орын алған сын материалдар, азаматтардан шағымдар мен арыздар түскен қылмыстық істер бақылауға алынады.

*Ескерту: 164-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

165. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бас басқармаларының, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармаларының тергеу қызметкерлері қызметтік іссапарларға шыққан кезде тергеушілерді оқытып-үйретудің жай-күйін тексереді, тергеу ісін жетілдіруге оларға нақтылы көмек көрсетеді. Тергеушіні оқытып-үйрету нәтижесі мен кәсіби даярлау деңгейі қызметкерді аттестаттау барысында көрінеді.

166. Қалалық және аудандық тергеу органдары басқармасының, бөлімінің, бөлімшелерінің (топтың аға тергеушісі) бастығы өз құзыреті шегінде тергеу органы бастығының өкілеттігіне ие болады және тергеу бөлімшесінің басшысы бола отырып, бағынысындағы тергеушілердің тергеу жүргізуді уақытында және сапалы жүргізу жөніндегі қызметіне тікелей басшылық етеді, тергеу жүргізу кезінде заңдылықтың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

167. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 285-бабында көзделген қылмыс туралы іс жөнінде сотқа дейін жүргізу барысында анықтау органы бастығының өкілеттілігіне, өз құзыреті шегінде Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің анықтау бөлімінің, Бас басқарманың және облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік өртке қарсы басқармаларының, Бас басқарма мен облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік өртке қарсы басқармаларының анықтау бөлімі, бөлімшелері, басқармалары, анықтаушылары бар қалалық, аудандық өрт бөлімінің бастығы ие болады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі орталық

аппаратының анықтау органы қызметкерлері, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының анықтау органдарының бастықтары мемлекеттік өртке қарсы қызметтің анықтау органы бастығының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының бұйрығымен тағайындалады немесе қызметінен босатылады. Бас басқарма және облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармалары , бөлім, анықтау бөлімшесі, анықтаушылары бар қалалық, аудандық өрт бөлімдерінің бастықтары мен қызметкерлері Бас басқарма және облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасы анықтау органының бастығымен тағайындалады немесе қызметінен босатылады;

Қылмыстық істерге, қаулы көшірмелеріне және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен көзделген басқа да жүргізілген істерге жолдама хат аудан прокурорына және соған теңестірілген прокурорға қалалық, аудандық өрт бөлімдері бастықтарының қол қоюымен; облыс прокурорына және соған теңестірілген прокурорға облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бас басқармасы мен басқарма бастығының қол қоюымен; Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, оның орынбасарларының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті бастығының қол қоюымен жіберіледі

*Ескерту: 167-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 525* бұйрығымен . ( *Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 06 шілдедегі N 38 бұйрығымен* .)

168. Тергеу бөлімшесінің бастығы қылмыстың белгілерін және оларды жасаған адамдарды анықтау және қылмыстың алдын алу және оған тосқауыл қою мақсатында қажетті қылмыстық-процессуалдық шешімдер қабылдауды ұйымдастырады.

169. Алдын ала тергеу жүргізу үшін тергеуге алынған қылмыстық істер бойынша тергеу бөлімшесінің бастығы:

- кезек күттірмейтін тергеу істерін жүргізуді қамтамасыз етеді;
- прокурордың, тергеушінің оның ішінде тергеу ісін және басқа істерді жүргізу туралы және зардап шегушілерді, куәгерлерді, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы басқа адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларды орындауды ұйымдастырады;
- сот тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;
- тергеу органы жүзеге асыратын сотқа дейінгі қылмыстық істер бойынша тергеу органының бастығы тергеушілер жүргізетін істің мерзімділігі мен заңдылығына бақылау жасайды және олардың қарауындағы істерді тексеруге,

жекелеген тергеу істерін жүргізу және өзге де процессуалды істерді жүргізу туралы, айыпталушы ретінде тарту туралы, қылмыстың түрлері және айыпталу күші туралы, істі (материалды) бір тергеушіден екіншісіне беру, тергеуді бірнеше тергеушіге тапсыру, қылмыстық іс қозғау туралы нұсқаулар беруге және жеке өзі тергеу жүргізуге, осы орайда, осы істі өзінің жүргізуіне қабылдай отырып немесе жекелеген істерді жүргізуді орындай отырып, құқығы бар.

170. Анықтау органының бастығы:

қылмыстық іс жөнінде анықтау жүргізуге және тексеру өткізуге, олардың материалдарын жүйелі зерделеуге, қол астындағылардың қабылдаған іс жүргізу шешімдерінің заңдылығын дер кезінде тексерумен, жіберілген бұзушылықтарды тез арада жоюмен көрінетін бақылауды жүзеге асырады;

заттайлық, аумақтық және жекелей тергеулер жөніндегі тексеру материалдары мен қылмыстық істерді жіберу мәселелері туралы анықтаудың заңдылығын қадағалау жүргізуші прокурормен келіседі;

прокурордың сұранымы бойынша қылмыстық іс пен тексеру материалдарын тез арада жіберуді қамтамасыз етеді;

қылмыстық іс қозғау немесе қозғамау, тінту жүргізу және заттарға тыйым салу туралы, жауапкерді қызметінен босату туралы, жауапкерге (күдіктіге) қатысты күзетпен қамауға алу түр шарасын таңдау, өзгерту немесе қабылдамау туралы, іс бойынша тоқтату, тоқтатып қою, қайта бастау туралы, жауапкерді ( күдіктіні) күзетсіз тұрақты сот-дәрігерлік немесе сот-психиаторлық сараптау жүргізу үшін дәрігерлік мекемеге жіберу, жауапкерді (күдіктіні) күзету мерзімін ұзарту туралы, жауапкерді алып жүру, іздеу салуды хабарлау туралы қаулыларды бекітеді, қылмыс жасады деген күдікті адамдарды ұстау туралы хаттаманы, айыптау хаттамасын бекітеді, қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын жағдаяттарды жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді, қылмыстық істі айыптау хаттамасымен прокурорға жібереді;

